

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 желтоқсан N 1670

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Z952732_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы".

2. Мәтіндегі "Жарлық", "Жарлыққа", "Жарлықтан", "Жарлықтың", "Жарлықты" деген сөздер "Заң" "Заңға", "Заңнан", "Заңның", "Заңды" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Тараулардың тақырыптарындағы "I", "IV" және "V" деген сандар "1", "4" және "5" деген сандармен ауыстырылсын.

4. Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепке алу жүйесін анықтайды, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу, қаржылық есеп беруді дайындау процесінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктері (бұдан әрі - ұйымдар) және салық органында міндетті мемлекеттік тіркелуге жататын жеке кәсіпкерлер (бұдан әрі - кәсіпкерлер) сақтауы тиіс негізгі принциптерді, сапалық сипаттамаларды және жалпы ережелерді белгілейді."

5. 1 және 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық ұйымдар мен кәсіпкерлер осы Заңға, бухгалтерлік есепке алу стандарттарына, бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарына және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге және қаржылық есеп беруді жасауға міндетті.

2. Осы Заңмен, бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен белгіленген бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді жүргізу туралы талаптар салық органында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жеке кәсіпкерлерге қойылмайды.

2-бап. Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңдар

Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі басқа нормативтік құқықтық актілерден тұрады."

6. Мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Қазақстан Республикасында қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары

Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасауды ұйымдар және кәсіпкерлер Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Осы баптың ережесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, мемлекеттік мекемелерге қолданылмайды."

7. 3, 4 және 5-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін мемлекеттік реттеу

1. Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді мемлекеттік уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Уәкілетті органның функциялары мыналар болып табылады:

бухгалтерлік есепке алу стандарттарын, бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарларын және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

бухгалтерлік есепке алу стандарттарына әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және б е к і т у ;

бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын келісу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеудің ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі жекелеген нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар Кеңесі (Директорат) жүзеге асырады.

4. Банктерде және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде: банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бухгалтерлік есепке алу стандарттарын және оларға әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және уәкілетті органның келісімі бойынша бекітеді;

осы Заңның талаптарына сәйкес банктердің, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ олардың аффилирлендірілген тұлғалары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есеп беруінің мерзімін, тізбесін, нысандарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

банктер үшін бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын әзірлейді және бекітеді;

банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және уәкілетті органның келісімі бойынша бекітеді;

банктердің, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бухгалтерлік есепке алу стандарттарын, бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

4-бап. Бухгалтерлік есепке алу стандарттары мен бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары

1. Бухгалтерлік есепке алу стандарттары бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің және қаржылық есеп беруді жасаудың жалпы ережелері мен әдістерін белгілейді.

2. Бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары бухгалтерлік есеп берудің жүйеленген синтетикалық шоттардың жүйеленген тізбесі болып табылады.

5-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің мақсаттары
Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің мақсаты инвесторларды, қызметкерлерді, заем берушілерді, жабдықтаушыларды, сатып алушыларды, мемлекеттік органдарды және басқа да пайдаланушыларды (бұдан әрі - пайдаланушылар) ұйымдар мен кәсіпкерлердің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайындағы өзгерістері туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады."

8. Мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің негізгі принциптері мен сапалық сипаттамалары

1. Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасаудың негізгі принциптері есептеу және үздіксіздік болып табылады.

Есептеу принципі ұйымның немесе кәсіпкердің шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ төлеу уақытына қарамастан оларды жасау фактісі бойынша олардың қаржылық жағдайына әсер ететін операциялардың, сондай-ақ оқиғалардың (бұдан әрі - операциялар мен оқиғалар) нәтижелерін танумен қамтамасыз етіледі.

Үздіксіздік ұйым немесе кәсіпкер болашақта өз қызметін белгісіз уақыт ішінде жалғастыратындығы шартымен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, ұйым немесе кәсіпкер өз қызметінің ауқымын жою немесе елеулі қысқарту ниетін көздемейді және оны қажет етпейді.

2. Пайдаланушылар үшін пайдалы ақпаратты алу мақсатында қаржылық есеп беруге ұғынымдылық, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық сапалық сипаттамалар талаптары қойылады.

Ұғынымдылыққа пайдаланушылар түсіну үшін түсінікті болуы тиіс ақпарат ұсыну арқылы қол жеткізіледі.

Орындылық экономикалық шешімдерді қабылдау кезінде пайдаланушыларға маңызды және қажетті болып табылатын ақпараттар ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі.

Сенімділікке бұрмалау мен қателері жоқ толық, сондай-ақ шынайы ақпаратты ұсынумен қол жеткізіледі.

Салыстырмалылық есепті және өткен кезеңдер үшін ақпарат ұсынумен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте, есепті кезең үшін ақпарат өткен кезеңнің ақпаратымен және басқа ұйымдар мен кәсіпкерлердің тиісті ақпаратымен сәйкес келуі тиіс."

9. II тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Ұйымдар мен кәсіпкерлердің бухгалтерлік есепке алу жүйесі, бухгалтерлік құжаттамасы және ішкі бақылау".

10. 6 - бапта :

1) баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйымдар мен кәсіпкерлердің бухгалтерлік есепке алу жүйесі";

2) 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ ұйымның немесе кәсіпкердің есеп саясатымен регламенттелетін ұйымдар мен кәсіпкерлердің операциялары және оқиғалары туралы ақпаратты жинау, тіркеу және қорыту жүйесі.

2. Есеп саясаты ұйымның немесе кәсіпкердің қажеттіліктерін және олардың қызметтерінің ерекшеліктерін ескере отырып, бухгалтерлік есепке алу стандарттарына, бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарына және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есеп беруді жасау үшін ұйым немесе кәсіпкер қабылдаған принциптерді, негіздерді, шарттарды және практиканы білдіреді.";

3) 3-тармақ алынып тасталсын:

4) 4 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұйымдар мен кәсіпкерлердің барлық операциялары мен оқиғалары бухгалтерлік есепке алу жүйесінде көрініс табады, бұл ретте:";

1) тармақшада "операцияларын" деген сөзден кейін "және оқиғаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "шаруашылық операцияларының" деген сөздер "операциялар мен оқиғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әрбір айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша синтетикалық (жиынтық) есепті талдамалы (егжей-тегжейлі) есепке сәйкес келтіруді қамтамасыз етуі тиіс.";

5) 5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;

6) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ұйымдар мен кәсіпкерлердің операциялары мен оқиғалары міндетті түрде бухгалтерлік есепке алудың шоттар жоспарына сәйкес қосарлы жазу әдісімен синтетикалық шоттарда көрсетіледі. Операциялар мен оқиғалардың талдамалы есебін

жүргізудің тәртібін ұйымның немесе кәсіпкердің қажеттіліктеріне сәйкес басшылық немесе кәсіпкер белгілейді.";

7) мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық ұйымдар мен кәсіпкерлер мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есеп беруді жасауды қамтамасыз етеді."

11. Мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Бухгалтерлік құжаттама

1. Бухгалтерлік құжаттама бастапқы құжаттарды, бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдерін, қаржылық есеп беруді және есеп саясатын қамтиды.

2. Бухгалтерлік жазбалар бастапқы құжаттар негізінде жүргізілуі тиіс. Бастапқы құжаттар - операциялардың жасалуы немесе оқиғалар фактісін тіркейтін құжаттар. Бастапқы құжаттың электрондық үлгісінің қағаз түрінде ресімделген бастапқы құжаттық күші болады.

3. Операциялар мен оқиғаларды ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы құжаттарға арналған нысандар немесе оларға қойылатын талаптарды өздерінің құзыретіне сәйкес уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітеді.

4. Уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды бекітпеген, қағаз түріндегі және электрондық ақпарат көздеріндегі бастапқы құжаттарды ұйымдар және кәсіпкерлер дербес әзірлейді және оларда мынадай деректемелер міндетті түрде қамтылуы тиіс:

құжаттың атауы (нысандар);

жасалу күні;

оның атынан құжат жасалған ұйымның атауы немесе кәсіпкердің тегі және аты - жөні;

операцияның немесе оқиғаның мазмұны;

операцияның немесе оқиғаның өлшем бірліктері (сандық және құндық көрсеткіштерде);

операциялардың жасалуы (оқиғаның расталуы) және оларды ресімдеудің дұрыстығы үшін жауапты тұлғалар лауазымдарының атауы, аты-жөні және жеке қолдары.

Операцияның немесе оқиғаның сипатына, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына және есепке алу ақпаратын өңдеу тәсіліне қарай бастапқы құжаттарға қосымша деректемелер енгізілуі мүмкін.

5. Бастапқы құжаттар операция жасалған немесе оқиға болған не олар тікелей аяқталған сәтінде жасалуы тиіс.

6. Есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттарда қамтылған ақпарат қолмен дайындалған түрде не бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерінде (карточкалар, кестелер, тізімдемелер, журналдар-ордерлер, бас және басқа да кітаптар, сондай-ақ өзге де

бухгалтерлік құжаттар), нысандары немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган және (немесе) өздерінің құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітетін, компьютерлендірілген жүйенің көмегімен жинақталады және жүйелендіріледі.

Бухгалтерлік есепке алу тіркелімінің деректері топтастырылған түрде қаржылық есеп беруге көшіріледі.

7. Бухгалтерлік есепке алудың бастапқы құжаттары мен тіркелімдері ақпараттың электрондық көздерінде жасаған кезде, ұйымдар мен кәсіпкерлер операциялардың басқа қатысушылары үшін, сондай-ақ осындай талап ету құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген мемлекеттік органдардың талаптары бойынша осындай құжаттардың қағаз түріндегі көшірмелерін дайындауға міндетті.

8. Кассалық және банктік бастапқы құжаттарға түзетулер енгізуге жол

берілмейді. Қалған бастапқы құжаттарға түзетулер тек түзетулерді енгізу күні көрсетіліп, құжатқа қол қойған тұлғалардың қолдарымен расталуы тиіс операциялардың қатысушыларымен келісім бойынша ғана енгізіле алады."

12. 7-бапта:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңдарға және ұйымның жарғысына сәйкес ағымдағы басшылықты және іс жүргізуді (бұдан әрі - басшылық) жүзеге асыратын орган (лауазымды тұлға):

ұйымның есеп саясатын қалыптастырады;

бухгалтерлік есепке алудың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Ұйымның есеп саясаты заңдарда және ұйымның жарғысында белгіленген тәртіппен бекітіледі.";

2) 2-тармақта:

бірінші абзацтағы "Басшы" деген сөз "Басшылық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "фирмаға" деген сөз "ұйымға" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес ұйымның бухгалтерлік есепке алуын жүргізуге және қаржылық есеп беруді дайындауына уәкілеттік берілген тұлғалар, сондай-ақ кәсіпкерлер ұйымның бухгалтерлік есепке алуын жүргізуді және қаржылық есеп беруді дайындауды жүзеге асырады, осы Заңның ережелерін, бухгалтерлік есепке алу стандарттарын, бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді,

сондай-ақ ұйымның және кәсіпкердің есеп саясатын сақтайды."

13 . 8 - б а п т а :

1) тақырыбындағы "және сыртқы" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұйымдар бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру жөніндегі заңдардың, ұйымның есепке алу саясатының сақталуын, активтерді сақтауды, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді жүргізу кезінде ұрлану және жаңсақтық жәйттерін болдырмау және анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операциялардың тиімді жүргізілуін қамтамасыз етуге арналған ішкі

бақылауды ұйымдастыруға құқығы бар.

2. Ішкі бақылауды ұйымдастыруды ұйымның басшылығы қамтамасыз етеді.";

3) 3-тармақтағы "субъектінің" деген сөз "мемлекеттік мекемелерден басқа ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-тармақ алынып тасталсын;

5) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік мекемелердегі ішкі бақылауды уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген олардың құзыретіне сәйкес жүргізеді."

14. 9-бапта:

1) 1-тармақтағы "Субъект басшысы" деген сөздер "Ұйым басшылығы" деген сөздермен ауыстырылсын:

2) 2-тармақта:

"субъект" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын;

"пайдаланушы ұйым" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

15. 10-бапта:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бухгалтерлік есепке алудың бастапқы құжаттары мен тіркелімдерінің

мазмұны ұйым басшылығының немесе кәсіпкердің рұқсаты бар тұлғаларға немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген олардың құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ғана қол жеткізу рұқсат етілетін коммерциялық құпия болып табылады.";

2) 2-тармақта:

"аудиторлар және басқа адамдар" деген сөздер "тұлғалар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Есептік-бухгалтерлік ақпаратқа" деген сөздер "Көрсетілген құжаттарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аталған" деген сөз "ондағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"иесінің" деген сөздің алдынан "оның" деген сөзбен толықтырылсын.

16. 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Бухгалтерлік құжаттаманы сақтау

Ұйымдар мен кәсіпкерлер қағаздағы және (немесе) электрондық көздердегі бухгалтерлік есепке арудың бастапқы құжаттарын, тіркелімдерін, қаржылық есеп беруді, есеп саясатын, өңделген есепке алу деректерін электрондық өңдеу бағдарламасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кезең ішінде сақтауға міндетті."

17. III тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қаржылық есеп берудің элементтері".

18. 12-бап алынып тасталсын.

19. 13, 14, 15 және 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Қаржылық есеп берудің элементтері

1. Қаржылық жағдайды бағалаумен байланысты қаржылық есеп берудің элементтері активтер, міндеттемелер және өз капиталы болып табылады.

2. Қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалаумен тікелей байланысты қаржылық есеп берудің элементтері кірістер мен шығыстар болып табылады.

14-бап. Қаржылық есеп берудің элементтерін бағалау

1. Қаржылық есеп берудің элементтерін бағалау - ақша сомасын анықтау, ол бойынша осы элементтер бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруде танылады және тіркеледі. Бағалауды қолдану әдістері мен тәртібі бухгалтерлік есепке алу стандарттарында және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді.

2. Қаржылық есеп берудің элементтері ұлттық валютада бағаланады және олар бойынша есеп берулер жүргізіледі.

3. Шетел валютасындағы операциялар бухгалтерлік есепке алу стандарттарында және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен, валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданылып, теңгемен есептеледі.

15-бап. Қаржылық есеп беру элементтерін есепке алу Қаржылық есеп беру элементтерін танудың әдістері мен тәртібі бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

16-бап. Қаржылық есеп беру

1. Қаржылық есеп беру ұйымдар мен кәсіпкерлердің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпаратты білдіреді.

2. Мемлекеттік мекемелердің есеп беруін қоспағанда, қаржылық есеп беру мыналарды қамтиды:

- 1) бухгалтерлік баланс;
- 2) кірістер мен шығыстар туралы есеп;
- 3) ақша қозғалысы туралы есеп;
- 4) өз капиталындағы өзгерістер туралы есеп;
- 5) есеп саясаты туралы ақпаратты және түсіндірме жазбаны.

Бухгалтерлік есепке алу стандарттарының және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қаржылық есеп беру басқа да материалдармен толықтырылуы мүмкін.

Қаржылық есеп беруді жасаудың тәртібі бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

3. Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есеп беруінің көлемі, нысандары және тәртібі егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, уәкілетті о р г а н а н ы қ т а й д ы .

4. Бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің және қаржылық есеп беруді жасаудың оңайлатылған нысаны, мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органымен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен бухгалтерлік есепке алу с т а н д а р т т а р ы м е н а н ы қ т а л а д ы .

Оңайлатылған нысан бойынша қаржылық есеп беруді акцизделетін өнімдерді өндірумен, өңдеумен және сатумен (алкогольдік және темекі бұйымдарын бөлшек саудада сатуды қоспағанда) айналысатындардан басқа, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын ұйымдар және к ә с і п к е р л е р ж а с а й д ы .

5. Қаржылық есеп беруге ұйымның басшылығы немесе бас бухгалтері (бухгалтері) н е м е с е к ә с і п к е р қ о л қ о я д ы .

Бухгалтерлік есепке алуды мамандандырылған бухгалтерлік ұйым немесе

маман бухгалтер жүргізетін ұйымдардың қаржылық есеп беруіне ұйымның басшылығы, сондай-ақ мамандандырылған бухгалтерлік ұйымның басшылығы немесе маман бухгалтер қол қояды."

20. Мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Біріктірілген есеп беру

Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есеп беруді қоспағанда, бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес біріктірілген жылдық қаржылық есеп беруді жасауға және ұсынуға міндетті."

21. 17-баптың 2-тармағында:

"субъект" деген сөз "ұйым немесе кәсіпкер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оның" деген сөз "олардың" деген сөзбен ауыстырылсын.

22. 18-бапта:

1) 1-тармақта:

"Субъектілер" деген сөз "Ұйымдар мен кәсіпкерлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "тіркелген жерінде" деген сөздер "тіркелген жеріндегі статистика органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-тармақта "Субъектілер" деген сөз "Ұйымдар мен кәсіпкерлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Біріктірілген жылдық қаржылық есеп беруді ұсыну осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес жүргізіледі."

23. 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңдарды бұзғандығы үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңдарын бұзу Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жауапкершілікке әкеліп соқтырады."

2 - б а п . О с ы З а ң :

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен анықталатын

жекелеген ұйымдар үшін 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап;

кәсіпкерлер мен өзге ұйымдар үшін 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 6-тармағын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Осы баптың үшінші абзацында көрсетілген кәсіпкерлер мен ұйымдарға 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Заңның 1-бабының 6-тармағын басшылыққа алуға тыйым салынбайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК